

Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес
мәжілісінде
Бекітілді
Факультет деканы
_____ Б.Б.Мейірбаев

«МЕКТЕПТЕГІ ӘКІМШІЛІК»

ПӘНІ БОЙЫНША
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандығы: «7М01105- Педагогика. Білім берудегі менеджмент»
1 курс, қазақ бөлімі
3 кредит
Көктемгі семестр

Құрастырған : п.ғ. к., Қ.Ш. Молдасан

Алматы, 2021

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы,
п.ғ.к., Молдасан Қ.Ш

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« __ » _____ 2021ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Өлқожаева

Факультеттің әдістемелік кеңесінде ұсынылды

« » _____ 2021ж., хаттама №

Төрайымы _____ М.П.Кабакова

«Мектептегі әкімшілік» пәні бойынша емтихан бағдарламасы

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында магистрант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратылымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді, сондай-ақ, емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша магистрант қабілетті болады:

- мектептегі әкімшілік және басқару мазмұнын, құрылымдық элементтерін сипаттау;
- мектептегі басқарудың әдіснамалық және жалпы теориялық мәселелерін талдай білу;
- мектептегі педагогикалық ұйымдастыру және басқару үшін қажетті тәжірибелі

біліктер мен дағдыларды меңгеру;

- курс мәселесі бойынша алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білу.

- Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2 сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда магистранттардың пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Емтихан тапсыруға дайындалуға арналған тақырыптар:

1. Басқарудың теориялық негіздері.
2. Ұйым басшысына қойылатын талаптар және оның көшбасшылық әлеуетін, мүмкіндіктерін арттыру.
3. Басқару әдістері.
4. Білім беру ұйымының тәрбие жүйесіндегі коучингтік тәсіл.
5. Мектепті дамытудағы эмоциялық интеллект концепциясының рөлі.
6. Ұйымның қызметкері ретінде командалық іс-әрекет ету.
7. Ұйымның мақсаты мен міндеттерін құрастырудағы менеджменттің мәні.
8. Мектепті басқарудағы ұйымдастырушылық қабілет.
9. Мектепті басқарудағы менеджменттің рөлі.
10. Басқарудың философиялық негіздері.
11. Қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары.
12. Мектептегі әкімшілік басқарудың мақсаттары, міндеттері.
13. Басқарудың әлеуметтік маңызы.
14. Басқарудың психологиялық ерекшеліктері.
15. Білім берудегі заңнамалық құжаттар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать.-Алматы: Қазақ Университеті, 2009. - 344 с.
2. Әлқожаева Н.С. Педагогика. Оқу-әдістемелік кешен.-Алматы:Қазақ университеті, 2014, 2-басылым.-145 б.
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. – А.: 2014. -360б.
4. Молдасан Қ.Ш., Төлешова Ұ.Б., Педагогикалық коучинг:оқу құралы.- Алматы : Қазақ ун-ті, 2020. – 100 б.
5. Стар Дж. Великолепный коучинг: как стать блестящим коучем на своем рабочем месте. - СПб.: ИГ «Весь», 2011.
6. Основы коучинга : учеб. пособие / Т.А. Никитина, М.А. Шаталина. – Самара : Самар. гос. пед. ун-т, 2007.
7. Коучинг: руководство для тренера и менеджера / С. Торп, Дж. Клиффорд. - СПб.: Питер, 2004.

Қосымша әдебиет тізімі:

1. Максимов В. Е. Коучинг от А до Я. Возможно все. -СПб.: Издательство «Речь», 2004.
2. Таубаева Ш.Т. Методология и методы педагогических исследований: учеб. пособие - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. – 213 с
3. Турманова К. Б. Менеджменттің даму тарихы және оның қоғамдағы рөлі // Молодой ученый. — 2018. — №44.1. — С. 17-21. — URL <https://moluch.ru/archive/230/53754/> (дата
4. Семенова И.И. История менеджмента: учебное пособие для вузов. – М.: Юнити-Дана, 2000. – 222 с.
5. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. /Пер. с англ. – М.: Дело, 2000 – 704 с. Менеджмент. / Под ред. М.М. Максимцова, А.В. Игнатъевой. – М., 1998.

Емтиханды бағалау өлшемдері:

Бағасы	Сандық көрсеткіш	Жауап мазмұны
Өте жақсы	95-100 (А) 90-94 (А-)	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Ұсынылған ақпарат мазмұны сауатты, логикалық үйлесімді; 3. 1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді; 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
Жақсы	85-89 (В+) 80-84 (В) 75-79 (В-) 70-74 (С+)	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4. 1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
Қанағаттанарлық	65-69 (С) 60-64 (С-) 55-59(D+) 50-54 (D)	1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.
Қанағаттанарлықсыз	25-49(FX) 0-24 (F)	1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. теориялық сұрақтың жауабында өте көп қателіктер бар. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.

